

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2024 жылғы 22 сәуірде жарияланған

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
О.А. Бектеновке**

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры  
Б.Н. Асылқожа**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Олжас Абайұлы!**

**Құрметті Берік Ноғайұлы!**

Әлемде 9-шы орын алатын кеңбайтақ жеріміздің жартысынан астамын су басып, ел үйсіз-күйсіз, мал-мүліксіз қалып жатыр.

Бұл отыз жыл ойына келгенін істеген ескі биліктің “Мен кеткен соң дүниені топан су қаптасын” деген теріс пиғылды іс-әрекетінің айқын белгісі екені анық.

Сондықтан да тасқын су апатын тек “Жаңа Қазақстанға” теліп, ақпарат беттерінде китүрқы саясатын жүргізіп, бұл жағдайды қазіргі биліктің кінәсі етіп көрсетуге ұмтылу – ұрының “Ұрыны ұстандар” деп айқайлағанындай әсер етуде.

Иә, екпіні орасан су тасқыны “Ескі Қазақстанның” сойылын соғушылардың да жабуын шайып кетіп жатыр.

Бұл әлем елдерін де шарпып жатқан тасқын суды табиғи апат дегенмен, отыз жылдық биліктің кезіндегі жемқорлықтың кесірі де алапат болғаны айқын көрінуде.

Елімізде Кеңес империясы кезінде екінші дүниежүзілік соғыстан кейін салынған ескі су қоймаларынан басқа отыз жылда бір де бір су қоймасы салынбаған. Тозығы жеткен тоғандар мен гидроқұрылыстарға, тасқыннан қорғануға бөлінген қыруар миллиардтар қайда? Халық қажетіне емес, жемқорлықтың жемсауында кеткені белгілі болуда.

Жалғыз гидромелиоративты институтты жауып тастаған елде судың жайын кімнен сұрайсың? Мұрабы жоқ ескі биліктің мұрасы осы бізге қалдырған...

Тілсіз жауды пайдаланған ділсіз жаулардың желіде есіп жүрген жел сөздері басылар емес. Ағынсудың арынынан ақпараттық ағын асып түсіп жатыр. Қараны - аппақ, ақты - қара ете алатын ақпараттың күші таңнан кешке дейін талмай “жер

төртбұрышты" дей берсе, бірте-бірте ел соған сене бастайтыны туралы тәжірибені еске түсіреді. Әрине, бұл мысал өз ұстанымы жоқ, дабыра мен дақпыртқа ере кететін ерме жұртқа қарата айтылғаны анық.

Елге іріткі салып жатқан ескі биліктің бұл қарекеттері талай жыл негізгі тірліктері болған - "Халықты алдай саламыз" деген ұстанымдарынан әлі айнымағанын көрсетеді.

Отыз жыл жабылып жатқан жаралардың енді жарылып жатқанын қазіргі жаңа билікке жаба салуға жанталасудың артында саяси реванштық пиғылдың құлағы қылтып тұр...

Ел басына күн туғанда халық қайғысынан хайп жасау кімдерге керек болғаны белгілі болып тұр.

Арыс апаты, Жамбыл жарылысы, Қостанай мен Семейдегі оншақты адамды құрбан еткен алапат өрт, қазіргі қызылсудан басталып, топансуға ұласқан тасқынның бәрі талай жылдан бері жарылуын күтіп жатқан миналар екені анық.

-Қызылсу отыз жыл айтылған қызылсөздің бәрін суға батырып жіберді...

- "Әлемдегі елу елдің қатарына кіріп қойдық, отыз елге омыраулап келеміз" деген отыз жылғы өтірікті тасқынсу тас-талқанын шығарды!

- Ауылды қанап, жерді талап, бір де бір өндіріс орнын ашпай, өтірік зауыттардың тұсауын кесіп шерулету - шерлі халықтың маңдайына жазылған сор болды.

- Халықтың мұнай мұхитынан қазаққа тамшы ғана тамызып, кен-қазына мен газдың үстіндегі елге тезек жаққызып, елдің соңында тезек теріп қалып отырмыз.

“Билікте тұрғанда ұрлық қылсаң, ұрпағыңның тағдырымен төлейсің?”-дейді әлемді билеген әйгілі Шыңғыс хан.

Біз отыз жылғы биліктің тонауын ел тағдырымен төлеп келе жатырмыз әлі күнге дейін...

“Ескі Қазақстан” есті болса, қазір халықтың 30 жылда тоналған триллиондаған байлығын халыққа қайтару үшін арнайы заң қабылданып, бүтін бір комитет құрылар ма еді...

Яғни, “Ескі Қазақстан” архивінің сықырлаған есігін ашсаң, үстіңе қаптаған саудыраған скелеттер құлап түсетіні анық...

Саяси тапсырыспен болған қастандықтардың бәрін айтпай-ақ, биыл 80 жылдығында ел еске алған заманның ері Заманбекті шындықты айтқаны үшін ғана өзін-өзі өлгенше үш рет “аттырып”, осыған біздің халық сенуі тиіс дегеннен артық ер өлімімен елді қорлау бола ма?!

Сол кезде 2005 жылы “Қазақ үні” газетінде біз бұл ауыр қылмысқа қарсы “Атқызған кім?! - Атқан кім?” деп мақала жазған едік...

Бүгінгі президенттің бұрынғы президентке айтқан: “Кеттің бе -Қайрылма?”- деген қағидалы сөзін қалың елдің: “Кеттің бе? - Қаранды батыр” – деп, жаппай жалғастырып алып кетуі көкірегі ояу, көзі ашық елдің ескі билікке деген қатты қарсылығын көрсетеді.

Ел байлығын тонау мен жемқорлықтың шыңына шыққанын сол кездегі экс-президент өзінің “Кез келгенінді қолдарыңнан ұстап сотқа апара аламын” деген сөзі арқылы өздерін әшкерелеп берді. Олардың ішінде еліміздің 55 пайыз байлығын иеленіп отырған 162 олигарх та бар. Бірақ олар экс президент айтқандай “қолдарынан сүйреп сотқа апаруға” лайықты болса да, әлі ел байлығын иеленіп отыр...

“Ескі Қазақстанды” қайтарғысы кеп жүргендердің есекдәмесі - әлемдегі елді ұзақ жыл билеп, кейін екінші рет билікке қайтып келген Малайзия нұсқасы бұл жерге жүрмейді. Екеуінің арасы аспан мен жердей!

Малайзияда 22 жыл билікте отырған Махатхир Мохаммад елін Азия жолбарысына айналдырып, әлемдегі экономикалық ғажайыптың авторы болды. Яғни, ол малай халқын маңдайалды марғасқа елге айналдырса, ал Назарбаев Қазақстанды басқарған отыз жылда, керісінше қазақ халқын малайға айналдырды... Экс-президент айтқандай, кез келгенін сотқа сүйреп апаруға болатын 162 олигарх бастаған санаулы қалталылар ғана халық қазынасы арқасында есепсіз байып алды...

Ал Ұлттық идеологиядағы ұлттық мүддемізді, тілімізді құрдымға таяп қойған рухани шығын экономикадағы ұрланған триллиондарды жүз орап алады. Экономикалық шығынның орнын толтыруға болады. Отыз жыл ойран болған Ұлттық-Рухани идеологиядағы банкроттықты ешқандай қаржы мен қазына қайтара алмайды. Сондықтан шұғыл Ұлттық концепция қабылдап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек!

«Қамысты бос ұстасаң, қолыңды кеседі!»- дейді қазақ даналығы. Сондықтан, бүгінгі өзгерген «Жаңа Қазақстан» саясатына араласқысы келіп, қитұрқы лас ойын көрсетуді көксегендерді бос жіберіп, тайрандатып қоюға болмас, қатаң тыйым керек!

Өйткені тағы да өздері бастап, тағы да тас лақтыруда. Тасқа таспен жауап беру керек. Бұл елдік үшін, егемендік үшін керек!

Біз билік үшін емес, елдің өзгеруі, ұлттың жарқын болашағы жолында топтаса білуіміз қажет. Елді 30 жыл басқарған ескі билікке енді жол жоқ, мәңгі жабық! Бұл аксиома!

Қаңтар қасіретінен кейін екі жылдың ішінде “Ескі Қазақстанды” аңсау акциясы не үшін болып отыр! Бұндай келеңсіздіктер енді қайталанбау үшін Қаңтар қасіретіне басты кінәлілерді түгел қатаң жазалап, "Ескі Қазақстан" отыз жыл тонаған халық байлығын халыққа түгел қайтару керек! Бұл - Халық күтіп отырған талап!

"Ескі Қазақстан" билігін қайтарғысы келіп, "Шал, кет!" деген басты ұранды "Шал, кел!" деп басқа ұранға өзгерту, 1991 жылы құлаған, келмеске кеткен Кеңес одағын қайтарғысы келумен бірдей!

"Ескі Қазақстанды" қайтарғысы келетіндердің жүрегі де, басы да жоқ, себебі бұл ешқандай мүмкін емес!

Тізе қосқан ел тізерлеп қалмайды! Қазақ біріккенде, қай кезде де, қандай қамалды да ала білген! Қазіргі топансудың толқынын да, теріс саясаттың солқылын да тек елдің бірлігі мен тірлігі қайтара алады. Бұған ағынсумен алысқан жеті жасар бала мен жетпіс жасар дананың қатар тұрып қайрат көрсетіп жатқаны айқын дәлел!

Ендеше, біз қандай ауыр сынақты да тек Ел бірлігі арқылы жеңеміз!

Құрметпен, “Ақ жол” фракциясы мүшелері

*Құрметпен,*

**«Ақ жол» партиясы фракциясы депутаттары:**

**Қ. Иса**

**А. Перуашев**

**Д. Еспаева**

**Е. Барлыбаев**

**Е. Бейсенбаев**

**А. Садықов**

**«Ауыл» халықтық-демократиялық  
патриоттық партиясының  
фракциясының депутаты:**

**А.Т. Зейнуллин**

Орынд.: З.Е. Серікова  
тел. 74-62-10